

Атқарушы өкіметтің орталық органдарының жүйесін ретке келтіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫГЫ 1993 жылғы 9 маусым N 1219. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.09.05. N 3097. Жарлығымен.

Атқарушы өкіметтің орталық органдарының жүйесін ретке келтіру, ұйымдық-құқықтық мәртебесін айқындау және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Атқарушы өкіметтің орталық органдарының ұйымдық-құқықтық нысандары: Қазақстан Республикасының министрлігі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы комитет, Бас басқарма, агенттік (Ұлттық агенттік), инспекция Қазақстан Республикасы министрлігі жанындағы департамент, агентство комитет болып табылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының министрлігі атқарушы өкіметтің орталық органы болып табылады, ол өзіне жүктелген қызмет саласына (салааралық үйлестіру мен реттеуді қоса алғанда) немесе салаға басшылық жасайды. Министрлік басшысы - министр лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің құрамына кіреді, өзіне жүктелген қызмет саласын дара басшылық негізінде басқарады және министрлікке жүктелген функциялардың орындалуына жеке жауап береді.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік комитеті атқарушы өкіметтің орталық органы болып табылады, ол салааралық мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады. Мемлекеттік комитеттің тәрағасы лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің құрамына кіреді, дара басшылық принципінде мемлекеттік комитетке жүктелген функциялар бойынша жедел басшылық жасайды.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы комитет, Бас басқарма, агенттік (Ұлттық агенттік), инспекция атқарушы өкіметтің орталық органдары болып табылады, олар өздерінің құзырына жататын мәселелер бойынша мемлекеттік реттеу мен салааралық үйлестіруді, сондай-ақ басқа арнайы атқару, бақылау, рұқсат беру немесе қадағалау функцияларын жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының министрлігі жанындағы

департамент агентство комитет атқарушы өкіметтің орталық органды болып табылады, ол арнайы атқару функцияларын министрліктің өкілеттігі шегінде орындауды немесе салалық министрлік құрамында бір саланы реттеп отырады.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК